

Qalqan платформасының басты ерекшелігі – оның ҚР Қаржы министрлігінің контурындағы заманауи технологиялық платформада орналастырылуы. Бұл дайын мемлекеттік IT-шешімдерді пайдалануға және денсаулық сақтау жүйесінің бюджетіне қосымша шығын түсірмей интеграциялауға мүмкіндік берді.

№22 (8226)
4 маусым,
2026 жыл

* Денсаулық

Qalqan ашықтықтың жаңа стандарттарын қалыптастырады

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау саласындағы қаржы ағындарын басқарудың кешенді цифрлық моделіне көшуде. Мемлекет басшысының тапсырмасы мен ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасы орындау аясында жаңа цифрлық Qalqan жүйесі қалыптастырылуда. Жоба Қор қызметін толық цифрландыруға, технологиялық алшақтықтарды жоюға және қолмен орындалатын операцияларды болдырмауға бағытталған. Бұл саладағы барлық негізгі шешімдердің бірыңғай әрі сенімді деректер негізінде қабылдануын қамтамасыз етеді.

Qalqan платформасының басты ерекшелігі – оның ҚР Қаржы министрлігінің контурындағы заманауи технологиялық платформада орналастырылуы. Бұл дайын мемлекеттік IT-шешімдерді пайдалануға және денсаулық сақтау жүйесінің бюджетіне қосымша шығын түсірмей интеграциялауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар платформа медициналық ақпараттық жүйе болып табылмайды, емдеу-диагностикалық үрдісіне араласпайды және дәрігерлерге қосымша әкімшілік жүктеме түсірмейді. Оның негізгі мақсаты – қаржының абсолютті ашықтығын қамтамасыз ету, көрсетілген қызметтерді верификациялау және МӘМС қаражатына қатаң бақылау орнату.

- Қазіргі уақытта Қор қызметі тек ішінара цифрландырылған, бұл процестердегі белгілі бір алшақтықтардың сақталуына және кейбір операциялардың қолмен орындалуына әкеліп келеді. Qalqan платформасы – біздің түбегейлі жаңа деңгейге өтуіміз: әжекеден операцияларды жасай есеппен алудан бастап шығындар мен олардың тиімділігін толық басқаруға дейінгі жол. Біз медициналық ақпараттық жүйелерді, клиникалардың бухгалтерлік бағдарламаларын және мемлекеттік дереккөздерді байланыстыратын бірыңғай модель қалыптастырып жатырмыз. Бұл бізге тарифтерді жедел түзетуге және олардың бюджетке әсерін бірден көруге мүмкіндік беретін бірегей «бюджетті оркестрлеу» құралын енгізуге жол ашады. Ең бастысы – жүйе әрбір нақты пациентке жұмсалған шығындарды толықтай дараландырып, бұл ақпаратты оның жеке цифрлық ресурстарына шығаруды қамтамасыз етеді, - деп атап өтті ӘМСҚ басқарма төрағасының орынбасары Индира Ерденева.

Qalqan платформасының пилоттық іске қосылуы 2026 жылғы 16 наурызда өтті. Бүгінде жүйеге еліміздегі барлық медициналық ұйымдар – 1700-ден астам клиника мен шамамен 5 000 бірлесіп орындаушы тартылған. Қазіргі уақытта оларды толық цифрландыру кезеңі жүріп жатыр: медициналық ұйымдар жүйеге лицензиялар, инфрақұрылымы (өндірістік базалар) және өзге де ресурстар туралы верификацияланған мәліметтерді енгізуде. Бұл еліміздегі медициналық қызмет көрсетушілердің алғашқы бірыңғай әрі сенімді базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Qalqan платформасы аясында жүйеге деген ұзақ мерзімді сенімнің негізіне айналатын озық бақылау құралдары енгізілуде. Атап айтқанда, тіркелмеген қызметтерді болдырмау үшін медициналық көмектің нақты көрсетілгенін QR-код арқылы растау тетігі енгізілуде. Бұл ретте eGov инфрақұрылымы мен екінші деңгейлі банктердің үйреншікті сервистері пайдаланылады, бұл құралдың қосымша жүктелмесіз жаппай қолданылуын қамтамасыз етеді.

Платформа медициналық ақпараттық жүйелерге (оның ішінде Damumed, «Надежда» МАЖ және т.б.) тікелей қосылады. Қазіргі уақытта тестілеу кезеңі аяқталуға жақын, бұл бастапқы деректерді тікелей алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ауруханалардың ішкі бухгалтерлік жүйелерін (оның ішінде ІС базасындағы жүйелерді) қосу жұмыстары жүргізілуде. Осы деректер негізінде автоматтандырылған «тарифтік экономика» блогы әрбір медициналық қызметтің нақты өзіндік құнын есептейтін болады.

Qalqan платформасын енгізу медицинадағы қаржылық бақылау жүйесін түбегейлі өзгертіп, оны мемлекет, медициналық ұйымдар және Қазақстанның әрбір азаматы үшін барынша ашық етеді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ баспасөз қызметі



ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: Атырау облысы, Жылыой ауданы Жаңа Теңіз бұлау мекен-жайы бойынша орналасқан «Бұлау тоғандары, тұрмыстық, өндірістік, медициналық және тамақ қалдықтары үшін сарқынды суларды басқару кешенін жаңғырту» жобасына ықтимал әсер ету есебі
2. Ықпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаттары: Учаскенің орналасу координаттары 46.520681, 54.273002. Әсер ету аумағының координаттары 46.520681, 54.273002 Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген ауылдық округі, Майкөмген ауылы.
3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 13 шілде сағат 10:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген ауылы, Қарашүңгіл 4-көшесі, Майкөмген мәдениет үйі мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.
Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/246721321?pwd=bEEVb3ZldmhPY2ZvEVVvODAxS3V6d209&omn=83748101915>
Конференция чатына сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/join/jc/83748101915>
Конференция идентификаторы: 246 727 1321. Қатынас коды: 5AYmhM
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы «Caspian Offshore Construction Realty» ЖШС, БСН: 040540001250, Атырау қ., Азаттық даңғылы, 2. Байланыс тел.: +7 701 258 31 86. Эл.пошта: awtfecologist@cocrealty.kz
5. Әзірлеуші: Мусаева Е.В. ЖК. Өкілі: Мусаева Е.В. Байланыс тел. +7 701 485 98 43 e-mail: e.korchunova@mail.ru
6. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>
7. Қоғамдық тыңдау қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: "Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, тел: +7-(7122)-35-45-59, электрондық мекен-жай: atr.priroda@atyrau.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>, <https://ndbecology.gov.kz/>
8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, Атырау қ., Азаттық даңғылы, 2 мекен-жайы мен байланыс тел.: +7 701 258 31 86. нөмірі бойынша білуге болады: Эл.пошта: awtfecologist@cocrealty.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях по проекту «Модернизация комплекса по управлению сточными водами, прудами испарителями, бытовыми, промышленными, медицинскими, пищевыми отходами» по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Поля испарения «Новый Тенгиз».
2. Территория воздействия: Координаты расположения участка 46.520681, 54.273002. Координаты территории воздействия 46.520681, 54.273002.
3. Общественные слушания состоятся: слушания пройдут в форме открытых собраний 13 июля 2026, года в 10:00 по местному времени, по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Майкөмгенский с/о а. Майкөмген, ул. Қарашүңгіл 4, Дом культуры Майкөмген.
Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/246721321?pwd=bEEVb3ZldmhPY2ZvEVVvODAxS3V6d209&omn=83748101915>
Идентификатор конференции: 246 727 1321
Код доступа: 5AYmhM
4. Инициатор проекта: ТОО «Caspian Offshore Construction Realty», БИН: 040540001250, г.Атырау, пр. Азаттық 2, Контактный тел.: +7 701 258 31 86., Эл. почта: awtfecologist@cocrealty.kz
5. Разработчик проекта: ИП Мусаева Е.В. Представитель: Мусаева Е.В., Контакты. тел. 7 701 485 98 43 e-mail: e.korchunova@mail.ru
6. Материалы проекта размещены на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>
7. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», г. Атырау, улица Айтеке би 77, тел: +7-(7122)-35-45-59, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>, <https://ndbecology.gov.kz/>
8. Дополнительную информацию по материалам проекта можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Атырау, пр. Азаттық 2 Тел.: +7 701 258 31 86. Эл. почта: awtfecologist@cocrealty.kz

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы



Атырау облысының әкімдігі «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауының бірінші кезеңіне қалалық және аудандық деңгейде құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды.

Қазақстан Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін үгіттеу болып табылады.

Конкурс ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына

сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидада көрсетілген нысан бойынша конкурста қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке кино туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары

жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері

Конкурста қатысуға өтінім беру үшін құжаттар түпнұсқамен тапсырылуы қажет.

Конкурста қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурста қатыса алмайды.

Конкурста қатысу үшін өтінім мен құжаттар Атырау қаласы және аудандар әкімдіктерінің Ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады.

2026 жылғы 15 мамырдан бастап 2026 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурста қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдау жүргізіледі.

Қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 14 маусым. Аудандық (қалалық) комиссиялар 15 маусым - 29 маусым аралығында өтінімдерді қарап, облыстық екінші кезеңге өтінім жолдайды.

Облыстық комиссия 1 шілде – 15 шілде аралығы қалалық және аудандық комиссиялардан өтінімдерді қарап, үшінші кезеңге Республикалық комитетке жолдайды.

«Еңбек жолы» конкурсына қатысайық!

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ілгерілету мақсатында 2016 жылдан бастап еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлері арасында өткізілетін «Еңбек жолы» республикалық конкурсы белгіленді.

«Еңбек жолы» конкурсын өткізудің мақсаты-ұрпақтар сабақтастығын сақтау, еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау, қазақстандықтарда Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу және «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» аясында еңбек адамның қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурста мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда саласына қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурста қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурсте жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) «Үздік еңбек әулеті» - бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының үш және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс.

2) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» - бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең

жоғары тиімді тәлімгер таңдалады;

3) «Өндірістің үздік жас маманы» - бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбеккер өндіріс жұмыскері таңдалады.

Конкурста қатысуға өтінімдерді платформа «Qamqor.ezbek.kz» арқылы қабылдау 2026 жылдың 22 мамырдан бастап 1 шілдеге дейін.

Конкурста қатысу үшін келесі құжаттар ұсынылуы тиіс:

- 1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурста қатысу туралы өтінімі;

- 2) жеке куәліктің көшірмесі;

- 3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнеролик (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылар көрсетілген);

- 4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

- 5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландыратын еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

- 6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері):

- мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері;

- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурста құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Барлық ниет білдірген тұрғындарды және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек ұжымдарын аталған конкурста қатысуға шақырамыз.

Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

* Алғыс

Халық үнін ұққан жан

Қазіргі қоғамда халықтың мұң-мұқтажына бейжай қарамай, Қелдің сенімін нақты ісімен ақтайтын азаматтардың орны ерекше. Осындай абыройлы жандардың бірі – аудан әкімінің орынбасары Ерлан Нұрланұлына деген шынайы алғысымызды білдіруді азаматтық парызымыз деп білеміз.

Біз ұзақ уақыт бойы баспана мәселесінің түйінін шеше алмай, талай мекемеміз табалдырығын тоздырған едік. Үмітіміз үзіле бастаған тұста Ерлан Нұрланұлымен жүздесіп, жағдайымызды баяндадық. Қызметінің тығыздығына қарамастан ол бізді жылы қабылдап, мәселемізге түсіністікпен қарады. Әр сөзімізге мұқият ден қойып, өтінішіміздің заң аясында оң шешім табуына қолдау білдіретінін жеткізді. Көп ұзамай еңсемізді түсірген мәселе оң шешімін тауып, Ұ.Абдрахманов көшесінен өзіміз қалаған үш бөлмелі баспанаға қол жеткіздік. Бұл – тек бір отбасының қуанышы ғана емес, халықтың сенімі мен өтінішіне немқұрайлы қарамайтын азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі болды.

Ерлан Нұрланұлы берген уәдесінде

тұрып, мәселені соңына дейін жеткізе білді. Оның қарапайым халыққа деген жанашырлығы, адалдығы мен жауапкершілігі бізге үлкен үміт пен сенім сыйлады. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, халықтың сөзін тыңдап, нақты іс атқаратын осындай азаматтардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Осы орайда мәселеміздің оң шешім табуына қолдау көрсеткен аудан әкімінің орынбасары Ерлан Нұрланұлына ризашылығымызды білдіреміз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге толағай табыс тілейміз. Ел игілігі жолындағы қызметіңіз жемісті болып, халықтың ықыласы мен алғысына бөлене беріңіз!

Төрмұрат ТӨРЕШҰЛЫ,
қала тұрғыны